

Балалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 21 наурыздағы N 382.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.24 N 1695 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Балалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету туралы қоса беріліп
отырған Ереже бекітілсін.

2. Балалы отбасыларына жәрдемақы төлеу 1997 жылдың 1 сәуірінен бастап жергілікті бюджеттерден осы мақсаттарға арнап еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарына бөлінетін қаражат есебінен Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ банкісінің филиалдары арқылы жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін балалы отбасыларына жәрдемақы төлеуді қаржыландыру тәртібін әзірлеп, бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін облыстар мен Алматы қаласының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі басқармаларының балалы отбасыларына жәрдемақы төлеудің тәртібі мен шарттары туралы Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ банкісімен агенттік келісім жасасуын қамтамасыз
етсін.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бір ай мерзім ішінде "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 42, 455-құжат)
өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізсін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымшаға сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 наурыздағы
N 382 қаулысымен
бекітілген

Балалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Балалы отбасыларына әлеуметтік көмек жәрдемақы түрінде беріледі.
2. Жәрдемақы 18 жасқа дейінгі балаларға төленеді.
3. Жәрдемақының түрлері:
балалы отбасыларына бірыңғай жәрдемақы;
7 жасқа дейінгі төрт және одан көп балалары бар жұмыс істемейтін көп балалы аналарға;

мерзімді әскери қызметшілердің балаларына арналған;
адамның иммундық тапшылығы вирусын жұқтырған және СПИД-пен науқастанған балаларға арналған;
үйінде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға арналған жәрдемақы.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292
қаулысымен.

P980292_

4. Жәрдемақының аталған түрлерінің әрқайсысы осы Ережеде көзделген жәрдемақының басқа түрлерін алатынына қарамастан тағайындалып, төленеді.
5. Жәрдемақының мөлшері және оны қаржыландыру көздері Қазақстан

Республикасының Республикалық бюджет туралы Заңымен белгіленеді.

6. Жәрдемақы туған, асырап алынған, сондай-ақ қамқорлыққа алынған балаларға тағайындалып, төленеді.

7. Мемлекеттің қамсыздандыруына толық алынған, жұмыс істейтін балаларға жәрдемақы тағайындалмайды және төленбейді.

8. Ата-аналық құқығынан айрылған ата-аналарға жәрдемақы тағайындалмайды және төленбейді.

1) Балалы отбасыларына бірыңғай жәрдемақы

9. Бірыңғай жәрдемақы алуға жан басына шаққандағы орташа айлық жиынтық табысы, зейнетақы, жәрдемақы және өзге әлеуметтік төлемдер есептеу үшін қабылданған есепті көрсеткіштің екі мөлшерінен аспайтын отбасылардың құқығы бар.

10. Бірыңғай жәрдемақы тоқсан сайын тағайындалып, ай сайын төленеді. Бұл ретте жәрдемақы балаларға жәрдемақының немесе алименттің басқа түрлерін алатынына қарамастан тағайындалады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен. Р980292_

11. Отбасында баланың еңбекке жарамды әкесі жұмыс істемейтін, күндізгі оқу нысанында оқымайтын және армияда қызмет өткермейтін және жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген кезеңде балалы отбасыларына бірыңғай жәрдемақы тағайындалмайды және төленбейді.

12. Асыраушысынан айрылған отбасына жәрдемақы тағайындау туралы мәселе асыраушысынан айрылуы жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы белгіленгеннен кейін шешіледі, ал асыраушысының жалақысының орнына отбасының жиынтық кірісінде асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша отбасына тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы ескеріледі.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен.

Р980292_

- 2) 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар көп балалы жұмыс істемейтін аналарға жәрдемақы

13. 7 жасқа дейінгі төрт және одан да көп балалары бар көп балалы жұмыс істемейтін аналарға отбасының табысына қарамастан ай сайынғы жәрдемақы төленеді.

- 3) Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына арналған жәрдемақы

14. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына отбасының табысына қарамастан әр балаға арналып ай сайынғы жәрдемақы тағайындалып, төленеді.

15. Жәрдемақы әскери қызметшінің мерзімді міндетті әскери қызметті өткеріп жүрген кезінде төленеді.

- 4) Адамның иммундық тапшылығы вирусын жұқтырған және СПИД-пен науқастанған балаларға арналған жәрдемақы

16. Адамның иммундық тапшылығы вирусын жұқтырған және СПИД-пен науқастанған балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы денсаулық сақтау органдары беретін медициналық қорытынды негізінде тағайындалып, төленеді.

- 5) Үйінде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға арналған жәрдемақы

17. Үйінде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға жәрдемақыны ата-аналарының бірінің немесе олардың орнындағы адамның өтініші бойынша т а ғ а й ы н д а й д ы .

Өтінішке облыстық білім беру басқармасының жанындағы ведомстволық психикалық-медициналық-педагогикалық консультативтік комиссия беретін мүгедек баланы үйде тәрбиелеу немесе оқыту қажеттілігі туралы анықтама қоса б е р і л е д і .

Аталған құжаттар мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы

алушының әлеуметтік қорғаудың қалалық-аудандық бөліміндегі жеке іс қағазына
қ о с ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді және сөздермен толықтырылды -
ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен. P980292_

II. Жәрдемақы алу құқығын айқындау кезінде ескерілетін отбасы құрамы

18. Балаларға арналған бірыңғай жәрдемақы алу құқығын айқындау кезінде
отбасы құрамында мыналар ескеріледі:

ерлі-зайыптылар және олардың асырауындағы 18 жасқа толмаған немесе осы
жастан асқан, бала кезінен мүгедек ретінде мүгедектігі бойынша мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақы алатын балалар, сондай-ақ ерлі-зайыптылармен бірге
тұратын еңбекке жарамсыз, зейнетақы алмайтын: зейнетақы жасындағы
а т а - а н а л а р ы ;

жоғары оқу орындарының студенттері, арнаулы орта және
кәсіптік-техникалық оқу орындарының (училищелердің, мектептердің,
лицейлердің, гимназиялардың, колледждердің, кадрларды даярлау жөніндегі
курстардың) 18 жасқа толмаған оқушылары, оның ішінде стипендия алатын
оқушылар (олардың ата-аналарымен бірге тұратын-тұрмайтынына немесе басқа
қалаларда, елдерде оқып жүргеніне қарамастан);

отбасында тұратын өгей ұлдар мен өгей қыздар, егер олар басқа ата-ананың
отбасында ескерілмесе;

ауруханаларда, балалар санаторийлерінде емделіп жатқан балалар, сондай-ақ
мектеп-интернаттарда ұсталғаны үшін ата-аналары немесе қамқоршылары
ішінара ақы төлейтін балалар.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292
қаулысымен. P980292_

19. Балаларға бірыңғай жәрдемақы алу құқығын айқындау кезінде отбасы
құрамында мыналар ескерілмейді:

ерлі-зайыптылардың туыстары (еңбекке жарамды ата-аналары, зейнетақы
алатын ата-аналары, аға-інілері, апа-қарындастары, сіңлілері және басқа
т у ы с т а р ы) ;

ата-аналары оларға қатысты ата-аналық құқықтан айрылған балалар;
мемлекеттік қамсыздандырудағы балалар (тұрғын үймен қамтамасыз
етілмеген оқушылар мемлекеттің толық асырауына алынған адамдардың
қ а т а р ы н а ж а т қ ы з ы л м а й д ы) ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер

министрлігінің әскери оқу орындарының офицерлік құрамының әскери атақтары жоқ, прапорщик, мичман курсанттары мен тыңдаушылары;

теңіз жолы училищелерінің және азаматтық авиацияның арнаулы орта оқу орындарының курсанттары;

ақыл-ой және дене дамуында кемістігі бар балаларға арналған мектеп-интернаттарға, балалардың орман-санаторийлік мектептеріне, арнаулы балалар үйіне, жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернаттарға, олимпиадалық резерв мектептеріне, суворовшылар, нахимовшылар училищелеріне, отбасылық үлгідегі балалар үйлеріне орналастырылған балалар;

кәсіптік-техникалық училищелердің тегін тамақ, киім-кешек және жатақхана берілген оқушылары;

қамқоршы (асырап алушы) отбасыларда тәрбиеленетін балалар;

18 жасқа толған және одан асқан балалар (17-тармақта көрсетілгендерден басқа);

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, соның ішінде әскери-құрылыс отрядтарында қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292

қаулысымен. Р 9 8 0 2 9 2 _

III. Отбасы құрамын айқындау кезіндегі ерекшеліктер

20. Жәрдемақы алу құқығын белгілеу кезінде отбасының жәрдемақы алуға өтініш берген сәттегі құрамы айқындалады.

21. Қамқорлықтағы балаларға бірыңғай жәрдемақы алу құқығын айқындау кезінде отбасының құрамында тек қамқорлықтағы балалар ғана ескеріледі, жиынтық табыста қамқоршылардың табыстары емес, осы балаларға алынатын жәрдемақы және алимент ескеріледі.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292

қаулысымен. Р 9 8 0 2 9 2 _

22. Ата-аналары бөлек тұрған жағдайда балалар шешесінің немесе әкесінің отбасында нақты тұруына қарай ескеріледі.

23. Егер мемлекеттің қамсыздандыруындағы балалар жазғы демалыс кезінде үйлеріне кетсе, олар отбасы құрамында ескеріледі және балалар отбасында тұрған кездегі отбасының жәрдемақы алу құқығы қайта қаралады.

24. Асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалған бала мемлекеттің қамсыздандыруына көшірілсе, отбасының жәрдемақы алу құқығын айқындау кезінде ол отбасы құрамында ескерілмейді.

25. Жәрдемақы алатын тоқсанда отбасы құрамында өзгерістер болған жағдайда жәрдемақы алу құқығы келесі тоқсанда қайта қаралады.

26. Жесір әйелге (еркекке), ажырасқан әйелге (еркекке)

тағайындалған балаларға арналған жәрдемақы шешенің (әкенің) некеге тұрғанына қарамастан, тоқсанның аяғына дейін төленеді.

IV. Отбасылық жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасау

27. Балалы отбасыларына жәрдемақы тағайындау туралы өтініш жәрдемақыға құқығы бар адамдардың тұратын жері бойынша аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөліміне беріледі.

Балаларға жәрдемақы тағайындау туралы қамқоршының (қорғаншының) өтінішіне қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы тиісті орган шешімінің көшірмесі тіркеледі.

ЕСКЕРТУ. 27-тармақтың 1 абзацы жаңа редакцияда, 3 абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен.

Р980292_

28. Жәрдемақы жөнінде өтініш жасаған адам мынадай құжаттар ұсынады:

жәрдемақы тағайындау туралы өтініш (өтініште, сондай-ақ отбасының табыс туралы анықтамада аталғаннан басқа табысы жоқ екені көрсетіледі);

әр баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі;

отбасының құрамын куәландыратын құжат.

Сонымен қатар мынадай құжаттар ұсынылады:

а) балалы отбасыларына бірыңғай жәрдемақы үшін:

отбасы мүшелерінің табысы туралы анықтама жұмыс, оқу, қызмет өткеру орнынан ұсынылады;

занды тұлға құрмай кәсіпкерлікпен айналысатын отбасы мүшелері салық органдарының анықтамаларын ұсынады;

жұмыссыздар тұратын жеріндегі Жұмыспен қамту орталығынан жұмыссыздығы бойынша алатын жәрдемақысының мөлшері көрсетілген анықтама ұсынады, жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар, жұмыссыздығы бойынша жәрдемақы төлеу тоқтатылған сәттен бастап, мұндай анықтаманы жұмыссыздығы бойынша жәрдемақының мөлшерін көрсетпестен ұсынады;

б) 7 жасқа дейінгі төрт және одан көп балалары бар көп балалы жұмыс істемейтін аналарға жәрдемақы үшін:

көп балалы ананың еңбек кітапшасынан көшірме немесе оның еш жерде жұмыс істемейтінін растайтын басқа құжат;

в) мерзімді қызметтегі әскери қызметшінің балаларына арналған жәрдемақы үшін:

баланың әкесінің міндетті әскери қызметте жүргені туралы

аудандық (қалалық) әскери комиссариаттың анықтамасы, онда қызмет өткеру мерзімі көрсетіледі;

г) адамның иммундық тапшылығын жұқтырған немесе СПИД-пен науқастанған балаларға арналған жәрдемақы үшін:

денсаулық сақтау органдары беретін медициналық қорытынды.

Жәрдемақы тағайындау үшін қажетті құжаттар түпнұсқа түрінде де, белгіленген тәртіппен расталған көшірме түрінде де берілуі мүмкін.

д) үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға арналған жәрдемақы үшін:

облыстық білім басқармасының жанындағы Ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық комиссияның мүгедек баланы үйде тәрбиелеудің немесе оқытудың қажеттілігі туралы анықтамасы.

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292

қаулысымен.

V. Жәрдемақы тағайындау тәртібі

29.

29. Балалы отбасыларына жәрдемақылардың барлық түрлерін аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері құратын жәрдемақылар тағайындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) тағайындайды.

30. Жәрдемақылардың барлық түрі жәрдемақы тағайындау туралы өтініш берілген айдан бастап, бірақ өтінім жасалған күннен бастап 12 айдан аспайтын мерзімге тағайындалады.

ЕСКЕРТУ. 29-тармақ алынып тасталды, 30-31-тармақтар жаңа редакцияда, 30-43-тармақтар тиісінше 29-42-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен.

P980292_

31. Жәрдемақы тағайындауды және төлеуді тоқтататын немесе жаңартатын жағдайлар болғанда (баланы асырап алу, баланың қайтыс болуы, 7 жасқа дейінгі төрт және одан көп балалары бар, жұмыс істемейтін ананың жұмысқа орналасуы және т.б.) жәрдемақы тағайындау және төлеу тиісті жағдайлар басталған айдан кейінгі айдан бастап

тоқтатылады немесе жаңартылады.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292

қаулысымен.

P980292_

32. Жәрдемақы алушылар жәрдемақының қандай да бір түрін алу құқығына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы Комиссияға хабарлауға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен.

P980292_

33. Жәрдемақы тағайындау туралы барлық қажетті құжаттары бар өтінішті Комиссия ол түскен күннен бастап 10 күн мерзім ішінде қарайды.

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен.

P980292_

34. Жәрдемақы тағайындаудан бас тартылған жағдайда Комиссия шешім шығарылғаннан кейін бас тартудың себептерін және шағымдану тәртібін көрсете отырып, өтініш берушіге барлық құжаттарды қайтарады.

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен.

P980292_

35. Комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға болады.

36. Жәрдемақы тағайындау туралы өтініш барлық ұсынылған құжаттарымен бірге, сондай-ақ балаларға арналған жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссияның жәрдемақы тағайындау туралы шешімі бар хаттамасы не одан алынған көшірме жәрдемақы алушының жеке іс қағазында сақталады.

VI. Жәрдемақы төлеу

37. Балалы отбасыларға жәрдемақы төлеу жәрдемақының Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ банкісі және оның құрылымдық бөлімшелері а р қ ы л ы ж ү р г і з і л е д і .

38. Жәрдемақы өткен айға есептеледі.

39. Жәрдемақы тағайындайтын немесе төлейтін органның кінәсінен уақтылы есептелмеген жәрдемақы, сомалары қандай да болсын мерзіммен шектелмей, өткен уақыт үшін бір жолға есептеледі.

40. 7 жасқа дейінгі төрт және одан көп балалары бар жұмыс істемейтін көп балалы аналарға жәрдемақы, адамның иммундық тапшылығын жұқтырған немесе СПИД-пен науқастанған балаларға арналған жәрдемақы (балалы отбасыларға бірыңғай жәрдемақыдан басқа) өндірістік емес салалар үшін қолданылатын аудандық коэффициентті қолдана отырып тағайындалады және т ө л е н е д і .

ЕСКЕРТУ. 40-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292 қаулысымен. Р 9 8 0 2 9 2 _

41. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі жергілікті органдардың меншік және шаруашылықты жүргізу нысандарына қарамастан кез-келген ұйымда жалақы туралы анықтаманың дұрыс берілуін тексеруге құқығы бар.

42. Жәрдемақы төлеу жөніндегі есепті жүргізу және есептілікті

құру тәртібі туралы нұсқауларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті, Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ Банкісі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 42-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 292
қаулысымен.

P980292_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 наурыздағы
N 382 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің
тізбесі

1. "Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға өтемақы және балаларға жәрдемақы төлеу үшін қолданылатын, отбасы мүшелеріне шаққандағы жиынтық табысты есептеу туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қарашадағы N 960 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 4 4 , 6 5 1 - қ ұ ж а т) .

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қарашадағы N 960 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 ақпандағы N 91 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 3, 35-құжат).

3. "Отбасыларына жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 маусымдағы N 528 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 2 4 , 2 9 6 - қ ұ ж а т) .

4. "Мұқтаж отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету кезінде отбасы мүшесінің жиынтық табысына есептелетін табыс түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 мамырдағы N 604

қаулысының 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 21, 1 8 5 - қ ұ ж а т) .

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 тамыздағы N 987 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 33, 3 1 3 - қ ұ ж а т) .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК